


Қаралды:

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ педагогикалық
кеңесінің
20 ж. « 04 » 11 № 2 хаттама

Бекітемін:

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.



**КОНКУРСТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ
ОҚЫШУЛАРДЫҢ КОНКУРСТАРҒА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ (бұдан әрі – Мектеп) осы ережесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына, «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауына, Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 31 наурыздағы 2011 жылғы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Мектеп-интернаттың Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2 Осы ереже конкурстардың рейтингтерін айқындайды және Мектеп оқушыларының орындаушылық шеберлік бойынша Халықаралық, Республикалық, өңірлік және басқа да конкурстарға, фестивальдарға қатысуын регламенттейді.

1.3 Конкурстар екі бағыт бойынша жіктеледі:

I. Жеке орындаушылық шеберлік конкурстары

II. Ұжымдық орындаушылық шеберлік конкурстары

1.4 Жеке орындаушылық шеберлік конкурстарына қатысу төмендегі номинациялар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) арнайы фортепиано,
- 2) ішекті аспаптар,
- 3) үрмелі және ұрмалы аспаптар,
- 4) халық аспаптары,
- 5) міндетті фортепиано,
- 6) музыкалық-теориялық пәндер.

2. Конкурстық қызметтің және білім алушылардың орындаушылық шеберлік конкурстарына және фестивальдарына, сондай-ақ музыкалық-теориялық пәндер бойынша конкурстарға қатысуының мақсаттары мен міндеттері

- 2.1 Мектептің мамандандырылған музыкалық оқытудың міндеттерін іске асыру, стратегиялық даму индикаторларын орындау, педагогтер ұжымының жұмыс нәтижелілігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу;
- 2.2 Оқытудың түрлі деңгейлерінде музыкаға дарынды балалардың шығармашылық дамуы, жас музыканттардың кәсіби орындаушылық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс формаларын іске асыру, отандық және әлемдік музыкалық білім беру саласындағы білімдерін жетілдіру;
- 2.3 Мектеп оқушылары арасында талантты, перспективалық орындаушыларды анықтау, олардың орындаушылық шеберлігінің деңгейін көтеру, өзіндік дамуы мен өзін көрсете білуі үшін жағдай жасау, сахналық мәдениетті қалыптастыру, музыка өнерінің үздік үлгілері мысалында конкурс қатысушыларының музыкалық талғамы мен стильді сезінуін тәрбиелеу және дамыту;
- 2.4 Классикалық музыка өнерінің дәстүрлерін сақтау мен дамыту, Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттау және оның дамуында сабақтастықты қамтамасыз ету, оқушылардың патриоттығын тәрбиелеуге және ұлттық, әлемдік мәдениеттің құндылықтарына талпынуға ықпал ету, оқушылардың музыка өнері саласындағы қабілеттерін кеңейту және дамыту;
- 2.5 Таяу және алыс шетелдердің түрлі өңірлерімен кәсіби-шығармашылық байланыстарды дамыту және нығайту, педагогтердің шеберлік кластарына, конкурстардың қазылар алқасына, ғылыми-әдістемелік семинарларға, конкурстардың қорытындылары бойынша конференцияларға қатысуы;
- 2.6 Педагогтер қызметін белсендету, шығармашылық педагогикалық қызметке ынталандыру, кәсіби деңгейін арттыру және біліктілік өсуі, жалақыны жоғарлату, ынталандырушы сыйақылар, марапаттауға ұсыну, мансаптық өсуі, педагог-музыкант кәсібіне оң имидж қалыптастыру.

3. Рейтингі бойынша жеке орындаушылық шеберлік конкурстарының жіктелімі

- 3.1 Олимпиадаларда және Халықаралық конкурстарда жеңімпаз атанған талантты балаларды қолдау бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру мақсатында осы ережеде Қазақстан Республикасында, сондай-ақ ТМД елдерінде және алыс шетелде конкурстық қозғалыстың жай-күйін талдауға негізделген, рейтингтік маңыздылығын ескерумен орындаушылық шеберлік конкурстарының жіктелімі механизмі әзірленді.
- 3.2 **А санатындағы** конкурстар – рейтингі жоғары кәсіби шеберлік конкурстары, 2 немесе 3-х турдан тұрады, оффлайн режимінде өтеді, олардың бағдарламалық талаптары халықаралық деңгейдегі лицензияланған конкурстардың кәсіби деңгейіне сәйкес келеді. Мектеп А санатындағы конкурстың Жеңімпазы мен Лауреаттарын Мәдениет және спорт министрлігіне біздің еліміздің мәдениет және өнер саласындағы жоғары оқу орнына конкурстан тыс негізде оқуға түсу үшін грантқа қабылдауға ұсынатын болады.

Мектеп осы санаттағы лауреаттарды дайындаған педагогтерді Мәдениет және спорт министрлігіне моральдық және материалдық көтермелеу үшін ұсынатын болады. Жеңімпаздар мен олардың педагогтері туралы ақпарат Мектептің ресми сайтында орналастырылады. А санатына міндетті фортепианоны (осы номинация пәнінің ерекшелігіне байланысты) қоспағанда жеке орындаушылық шеберлігінің барлық номинациялары жатады.

3.3 В санатындағы конкурстар – рейтингі жоғары кәсіби шеберлік конкурстары: 2 турдан тұрады, оффлайн және онлайн режимдерінде өтеді. А санатындағы конкурстың жеңімпаздары мен лауреаттары жоғары оқу орындарына конкурс негізінде түсетін болады. Осы санаттағы лауреаттарды дайындаған педагогтер Мектеп әкімшілігінің қарауы бойынша моральдық және материалдық көтермеленетін болады. Жеңімпаздар мен олардың педагогтері туралы ақпарат Мектептің ресми сайтында орналастырылады. Бұл санатқа орындаушылық шеберлік конкурстарының барлық номинациялары жатады.

3.4 С санатындағы конкурстар – бұл санатқа барлық бір турдан тұратын, оффлайн және онлайн режимінде өтетін конкурстар мен фестивальдар кіреді. Жеңімпаздар мен олардың педагогтері туралы ақпарат Мектептің ресми сайтында орналастырылады. Бұл санатқа орындаушылық шеберлік конкурстарының барлық номинациялары жатады.

4. Орындаушылық шеберлік конкурстарына қатысу қағидалары

4.1 Орындаушылық шеберлік конкурстарына академиялық емтихандарда, концерттерде, тыңдалымдарда музыкалық қабілеттерін айқын көрсете білген Мектептің барлық қатысушылары қатыса алады.

4.2 Оқушының конкурстарға қатысуы туралы шешімді мамандық бойынша педагог қабылдайды.

4.3 Конкурсқа қатысу туралы шешімді қабылдаған педагог өзінің бөлім меңгерушісін хабардар етіп, конкурс туралы барлық ақпаратты беруі тиіс.

4.4 Бөлім меңгерушісі конкурсқа қатысуға үміткерлерді тыңдау үшін бөлім педагогтері қатарынан комиссия құрады, комиссия үміткерді конкурсқа қатысуға ұсынады немесе ұсынбайды.

4.5 Конкурс қорытындылары туралы ақпарат педагог өз оқушысының конкурсқа қатысуы туралы бөлімге хабарламаған жағдайда мектептің сайтында жарияланбайды.

5. Мамандықтар бойынша рейтингтік маңыздылығын ескерумен орындаушылық шеберлік конкурстарының жіктелімі:

5.1. «Арнайы фортепиано» бөлімі

А санатындағы конкурстар:

1. «Astana Piano Passion» республикалық жас пианистер конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
2. «Щелкунчик» халықаралық жас музыканттардың телевизиялық музыкалық конкурсы.
3. Қазақстан Республикасының мамандандырылған мектептері арасында жас орындаушылардың республикалық конкурсы, Алматы.
4. А. Жұбанов атындағы халықаралық конкурс (ересек тобы), Қазақстан, Алматы.

5. Мария Юдина атындағы халықаралық конкурс (ересек тобы), Ресей, Санкт-Петербург.
6. П.И. Чайковский атындағы халықаралық жасөспірімдер конкурсы, Ресей, Мәскеу.
7. «Запад-Сибирь-Восток» Е.Зингер атындағы халықаралық конкурсы, Ресей, Новосибирск.

В санатындағы конкурстар:

1. Астана-Мерей халықаралық конкурсы (ересек тобы), Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
2. С.В.Рахманинов атындағы жасөспірім пианистердің конкурсы, Ресей, Тамбов.
3. «Piano Fest Almaty» халықаралық пианистер конкурсы
4. Н.Перельман атындағы халықаралық пианистер конкурсы, Ресей, Санкт-Петербург.
5. «Silk Way» халықаралық пианистер конкурсы, Грузия, Тбилиси.
6. Республикалық жас орындаушылар конкурсы, Қазақстан, Павлодар.
7. Д.Хворостовский халықаралық конкурс, Ресей, Красноярск,
8. «Prima Nota Fest» Зарина Алтынбаеваның халықаралық конкурсы, Қазақстан, Алматы.
9. «Jumeira Sounds» халықаралық жасөспірімдер конкурсы, (ересек тобы), Араб Әмірлігі, Дубай.
10. Ева, Иосиф және Семен Коган атындағы халықаралық аспаптық орындаушылық конкурсы, Қазақстан, Алматы.
11. Европа –Азия халықаралық пианистер конкурсы, Ресей, Уфа,
12. Мамандандырылған мектептер мен музыкалық колледждердің оқушылары арасындағы Республикалық Кіші Олимпиада, Қазақстан Республикасы, Алматы.

С санатындағы конкурстар:

1. «Fiestalonia» халықаралық конкурсы, Алматы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
2. «Astana Stars» халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
3. «San Bartalomeo» халықаралық конкурсы, Италия.

Бұл санатқа барлық бір турлық халықаралық, өңірлік конкурстар мен конкурс-фестивальдар жатады.

5.2 «Скрипка және альт» бөлімі

А санатындағы конкурстар:

1. «Щелкунчик» жас музыканттар арасында халықаралық телевизиялық музыкалық конкурсы.
2. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы Қазақстанның жас орындаушыларының республикалық конкурсы, Алматы.
3. «Астана Violin» халықаралық скрипкашылар конкурсы (ересек тобы), Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
4. «Астана-Мерей» халықаралық жас орындаушылар конкурсы» (ересек тобы), Қазақстан, Нұр-Сұлтан.

5. «Шабьт» халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
6. А. Жұбанов атындағы халықаралық конкурс (ересек тобы), Қазақстан, Алматы,
7. З.Брон атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Новосибирск.
8. В.Спиваков атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Уфа.
9. Д.Ойстрах атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Мәскеу.
10. Ю.Янкелевич атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Омск.
11. В.Третьяков атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Красноярск.
12. П.И.Чайковский атындағы халықаралық жасөспірімдер конкурсы, Ресей, Мәскеу.

В санатындағы конкурстар:

1. Мамандандырылған мектептер арасындағы республикалық скрипкашылар конкурсы (кіші және орта топтар), Қазақстан, Алматы.
2. «Астана Violin» халықаралық скрипкашылар конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
3. «Астана-Мерей» халықаралық жас орындаушылар конкурсы» (кіші және орта топтар), Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
4. «Запад-Сибирь-Восток» халықаралық конкурсы, Ресей, Новосибирск.
5. А. Глазунов атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Петрозаводск.
6. Дельфий ойындары, Ресей.
7. Ева, Иосиф және Семен Коган атындағы халықаралық аспаптық орындаушылық конкурсы, Қазақстан, Алматы.

С санатындағы конкурстар:

1. Intellect Dominanta Academy халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
2. «Жібек жолы» халықаралық конкурсы.
3. «Көктем музыкасы» халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
4. Astana Stars халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
5. Festalonia халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан, Алматы.
6. Антон Рубинштейн атындағы халықаралық конкурс, Германия, Дюсельдорф.

5.3 «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» бөлімі

А санатындағы конкурстар:

1. «Щелкунчик» жас музыканттар арасында халықаралық телевизиялық музыкалық конкурсы.
2. Мамандандырылған мектептер арасында үрмелі және ұрмалы аспаптарда орындаушылардың республикалық конкурсы, Қазақстан Республикасы, Алматы.
3. А. Жубанов атындағы үрмелі және ұрмалы аспаптарда орындаушылардың халықаралық конкурсы, Қазақстан, Алматы А.Жубанов атындағы дарынды балаларға арналаған РҚМММИ
4. «Астана-Мерей» үрмелі және ұрмалы аспаптарда жас орындаушылардың халықаралық конкурсы (ересек тобы) Қазақстан, Нұр-Сұлтан, КазҰӨУ.

5. «Сибирские музыкальные ассамблеи» үрмелі және ұрмалы аспаптарда жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Ресей, Новосибирск, Новосибирск мамандандырылған музыкалық мектебі.
6. Е.А.Мравинский атындағы халықаралық жасөспірімдер конкурсы, Ресей, Санкт-Петербург, Е.А.Мравинский атындағы Санкт-Петербургтің Балалар өнер мектебі.
7. Гнесиндер атындағы үрмелі және ұрмалы аспаптарда жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Ресей, Мәскеу, Гнесиндер атындағы МММОМ (колледж).
8. Ю.Н. Должиков атындағы үрмелі және ұрмалы аспаптарда жасөспірім орындаушылардың халықаралық конкурсы, Ресей Мәскеу, Ю.Н. Должиков атындағы Мәдениет дамытудың қайырымдылық қоры.
9. Үрмелі және ұрмалы аспаптарда жас орындаушылардың ашық өңіраралық конкурсы, Ресей, Томск, «Э.В. Денисов атындағы Томск музыкалық колледжі» Областық мемлекеттік автономдық кәсіби білім беру мекемесі.
10. П.И.Чайковский атындағы Мәскеу Консерваториясы жанындағы Орталық музыкалық мектеп конкурсы, П.И.Чайковский атындағы МК ОММ.

В санатындағы конкурстар:

1. «Фанфары Сибири» үрмелі және ұрмалы аспаптарда жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Карасук қаласы, Новосибирск облысы, Ресей, №1 БММ.
2. «Надежда» Красноярск халықаралық конкурс-фестивалі, Ресей, Красноярск, «Д.Хворостовский атындағы Сібір мемлекеттік өнер институты».
3. «Wind stars» үрмелі және ұрмалы аспаптарда жас орындаушылардың халықаралық конкурсы Ресей, Латвия, Мәскеу, Марупе, «В.Халилов атындағы үрмелілер қоғамы».

С санатындағы конкурстар:

1. Р.М.Глиэр атындағы халықаралық музыкалық конкурс. Ресей, Мәскеу «Авис» қоры.
2. «Салют талантов» халықаралық конкурс-фестивалі, Ресей, Санкт-Петербург, «Салют талантов» шығармашылық бірлестігі.

5.4 «Халық аспаптары» бөлімі

А санатындағы конкурстар:

1. Қазақстан Республикасының дарынды балаларға арналған мамандандырылған орта мектептерінің оқушылары арасындағы Қазақстанның жас орындаушыларының республикалық конкурсы, Қазақстан, Алматы.
2. А. Жубанов атындағы жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Қазақстан, Алматы А.Жубанов атындағы дарынды балаларға арналаған РҚМММИ (ересек тобы).

В санатындағы конкурстар:

1. «Астана-Мерей» жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан КазНУИ

С санатындағы конкурстар:

1. Доминанта халықаралық конкурсы, Қазақстан, г.Нұр-Сұлтан
2. Барлық біртұрлық конкурстар мен фестивальдар.

5.5 «Виолончель, контрабас және арфа» бөлімі

А санатындағы конкурстар:

1. «Щелкунчик» жас музыканттар арасында халықаралық телевизиялық музыкалық конкурсы.
2. «Шабьт» шығармашы жастардың халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
3. Қазақстан Республикасының дарынды балаларға арналған мамандандырылған орта мектептерінің оқушылары арасындағы Қазақстанның жас орындаушыларының республикалық конкурсы, Алматы.
4. А. Жубанов атындағы жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Қазақстан, Алматы А.Жубанов атындағы дарынды балаларға арналаған РҚМММИ (ересек тобы).

В санатындағы конкурстар:

1. Қазақстанның жас орындаушыларының республикалық конкурсы, Павлодар.
2. Ішекті аспаптарда орындаушылардың халықаралық конкурсы, Ресей, Тольятти.
3. С.Н.Кнушевицкий атындағы халықаралық конкурс, Ресей, Саратов.
4. «Запад-Сибирь-Восток» халықаралық конкурсы, Ресей, Новосибирск.
5. Рудольф Баршай атындағы халықаралық конкурс, Израиль.
6. «Астана-Мерей» жас орындаушылардың халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан, ҚазҰӨУ.
7. Мамандандырылған мектептер мен музыкалық колледждердің оқушылары арасындағы Республикалық Кіші Олимпиада, Қазақстан Республикасы, Алматы.

С санатындағы конкурстар:

1. Халықаралық конкурс Франция, Париж.
2. Доминанта халықаралық конкурсы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан.
3. Барлық біртұрлық конкурстар мен фестивальдар.

5.6 Музыка теориясы мен тарихы бөлімі

Музыкалық-теориялық пәндер бойынша конкурстар:

1. ҚазҰӨУ жанында музыкалық-теориялық пәндер бойынша олимпиада, Қазақстан, Нұр Сұлтан.
2. Құрманғазы атындағы жанында музыкалық-теориялық пәндер бойынша олимпиада, Қазақстан, Алматы.

II Ұжымдық орындаушылық шеберлік конкурстары төмендегі номинациялар бойынша өтеді:

- 1) камералық ансамбль;
- 2) фортепианолық дуэт;
- 3) хор ұжымдары;

- 4) ансамбльдер (скрипкашылар, виолончелистер, домбырашылар, кобызшылар, баянистер және т.б.)
- 5) оркестрлер (симфониялық, халықтық, эстрадалық, үрмелі, камералық, аралас құрам.)



Ұжымдық конкурстардың мақсаты:

- 6.1 мектептің мамандандырылған музыкалық оқытудың міндеттерін іске асыру, стратегиялық даму индикаторларын орындау, педагогтер ұжымының жұмыс нәтижелілігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу;
- 6.2 оқытудың түрлі деңгейлерінде музыкаға дарынды балалардың шығармашылық дамуы, жас музыканттардың кәсіби орындаушылық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс формаларын іске асыру, отандық және әлемдік музыкалық білім беру саласындағы білімдерін жетілдіру;
- 6.3. кспаптық өнердің мәдени-тәрбиелік және ағарту дәстүрлерін сақтау және көбейту;
- 6.4. кейіннен кәсіби ориентациялау және шығармашылық әлеуетін іске асыру мақсатында оқушыларды анықтау, түрлі аспаптарда ансамбльдік өнердің үздік дәстүрлерін бекіту;
- 6.5. аспаптық өнердік насихаттау, репертуарды байыту және ұжымдардың орындаушылық деңгейін көтеру, аспаптық жанрды дамытуға ықпал ету;
- 6.6. дарынды балаларды анықтау, қолдау және сүйемелдеу, талантты жастарды алға жылжыту, заманауи музыкалық технологиялардың дамуымен музыкалық аспаптық білімнің басымдығын көтеру;
- 6.7. хор ұжымдары конкурстарының мақсаты ұжымдардың шығармашылық байланыстарын дамыту, хормен ән айту тәжірибесімен алмасу, түрлі мәдениеттер пен стильдердімен алмасу, хор ұжымдарының репертуарын кеңейту болып табылады. Конкурстық өнер көрсетудің өзіндік ерекшелігі, айқындығы мен бірегейлігі хор өнерінің танымал етуге ықпал етеді.
- 6.8. Ұжымдық орындаушылық конкурстары А санатына жіктелмейді (конкурс ерекшелігін ескере отырып).
- 6.9. Ұжымдық орындаушылық конкурстары В және С санаттарына жатқызылады.

7. Нормативтік база

1. Қазақстан Республикасының 1995жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы;
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
4. «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңы;
5. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 31 наурыздағы 2011 жылғы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидасы (13.09.2018 ж. өзгерістермен);

6. «Мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.
7. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығы;
8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ Жарғысы.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
	Сурапбергенова Светлана Алмабаевна	Директордың музыка жөніндегі орынбасары	
Келісілген:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Директордың оқу жөніндегі орынбасары	
	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрайымы	
	Болсамбеков Нияз Абдықадырович	Мектеп-интернаттың заңгері	